**Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1277 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 993 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 993 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін:

ҚР СТ 1046-2008 (2-кесте – техникалық талаптар) 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (Triticum aestivum L.) бір тоннасына 42000 (қырық екі мың) теңге (ҚҚС төлеушілер және төлемеушілер үшін) мөлшерінде;

2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін:

МемСТ 28672-90 2-сыныпты арпаның бір тоннасына 28000 (жиырма сегіз мың) теңге (ҚҚС төлеушілер және төлемеушілер үшін) мөлшерінде;

3) мемлекеттік тұқым ресурстары үшін:

осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша сатып алу бағасы белгіленсін.

2. «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 1326 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 70, 937-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1277 қаулысына қосымша

## Жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша сатып алу бағасы

1 тоннаға теңге

| Дақылдың атауы | I репродукция | | II репродукция | | III репродукция | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-сынып | 2-сынып | 1-сынып | 2-сынып | 1-сынып | 2-сынып |
| Бидай | 56059 | 53714 | 51107 | 48333 | 44625 | 42333 |
| Арпа | 54375 | 44500 | 42625 | 40250 | 40000 | 38000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК